

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 513 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 4 наурыздағы № 85 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 12 наурызда № 5992 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңы 18-бабының 4-тармағына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 513 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5235 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіде электронды түрде 2017 жылы 1 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер және толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасының "Орман шаруашылығы мамандарының лауазымдары:" бөліміндегі реттік нөмірлері 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 жолдарында "ММ" сөздері "КММ" сөздерімен ауыстырылсын;

"Орман шаруашылығы мамандарының лауазымдары:" бөлімі осы қаулының қосымшасына сәйкес реттік нөмірлері 9, 10, 11, 12, 13 жолдарымен толықтырылсын.

2. "Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы қаулының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде және мерзімді баспа басылымдарда ресми жариялауға жолдауын;

3) Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары М.Е. Абдуллинге жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

О. Оразалин

Ақтөбе облыстық

мәслихатының хатшысы

_____ С. Қалдығұлова

" ____ " _____ 2019 жыл

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 4
наурыздағы № 85 қаулысына қосымша
Ақтөбе облысы әкімдігінің 2016 жылғы 12
желтоқсандағы № 513 қаулысына 1-қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесіне жасалған толықтырулар

№	Лауазымдар атауы
	Орман шаруашылығы мамандарының лауазымдары:
9	Облыстық маңызы бар орман шаруашылығы мекемесінің (бұдан әрі – КММ) басшысы
10	Облыстық маңызы бар КММ басшысының орынбасары
11	Облыстық маңызы бар КММ орманшылық басшысы (орман күтуші)
12	Облыстық маңызы бар орман өрт сөндіру станциясының басшысы
13	КММ техникалық орындаушылары: диспетчер

Ескертпе: Аббревиатуралардың толық жазылуы:

КММ – коммуналдық мемлекеттік мекеме.